

# ТАҚЫРЫБЫ: ВИЗУАЛДЫ КОМПОНЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Кіріспе

Delphi визуалды-бағдарламалау ортасы

Визуалды компоненттер

Бағдарламалаушы басшылығы

Қолданушы басшылығы

Қорытынды

# Delphi визуалды-бағдарламалау ортасы

Delphi – дербес компьютерлер мен серверлерге қосымша құру және

қолдану үшін қолданылатын әзірleme ортасы. Delphi кез-келген Windows типті 32 разрядты амалдық жүйеде жұмыс жасайды.

Delphi ортасының интегралдық құрылымына қосымшаларды құрайтын және жобаны басқаратын келесі құралдар кіреді:

- Негізгі меню
- Құрал – саймандар панелі
- Жоба диспетчері (Project Manager)
- Код редакторы (Code Editor)
- Құрауыштар палитрасы (Component Palette)
- Пішін терезесі
- Объект инспекторы (Object Inspector)
- Объект бұтақтары (Object Tree View)
- Меню конструкторы (Menu Designer)
- Зерттеуші (Browser)

Delphi – дербес компьютерлер мен серверлерге қосымша құру

және қолдау үшін қолданылатын әзірleme ортасы. Delphi кез-келген Windows типті 32 разрядты амалдық жүйеде жұмыс жасайды.

Қосымшаны жазу үрдісі екі бөліктен тұрады:

- 1 – тұтынушы өзінің бағдарламасының терезесіне қажетті элементтерді көрсетіп, олардың өлшемін орнатады, қасиеттерін өзгертеді;
- 2 – қосымша жұмыс істеп тұрған кездегі бағдарламаның кодын, элементтердің қасиетін жазады, терезенің пайда болуына қатысты оқиғаның өзгеруін, батырманың басылуын тағы басқаларды жазады. Бағдарламаны іске қосқанда экранда басты терезе пайда болады:

## БАСТЫ ТЕРЕЗЕ

Мұнда мәзір қатары, саймандар тақтасы, түстер палитрасы орналасады. Түстер палитрасында болашақ бағдарламаның көрінетін және көрінбейтін компоненттері, көптеген тақырыптық беттер бар. Көрінбейтін компоненттер тек қосымшаға жоба жасап, оны іске қосқанда ғана көрінеді. Басты терезе интеграцияланған орта жұмыс істеп тұрған кездің барлығында ашық болады. Оны жапқанда Delphi жабылып, ондағы барлық терезелер жабылады.

## НЫСАНДАР ИНСПЕКТОРЫ

Дизайнер терезесінің сол жағында Нысан Инспекторы терезесі орналасқан, ол екі ішкі беттен тұрады. Бірінші ішкі бет - қасиеттер беті нысандар қасиетін өңдеуге қолданылады. Онда үнемі таңдап алынған компоненттің орындауға болатын қасиеттері көрініп тұрады. Сол бағанында тізім, оң бағанында – үнсіз келісім бойынша ағымдағы мәндері көрсетіледі. Екінші беті оқиғаларға түсініктеме беруге арналған, онда таңдап алынған компоненттің мүмкін болатын өңдеушілері. Сол бағанында – аты, оң жағында – сәйкес процедура немесе қасиеттер.

## ПІШІН ТЕРЕЗЕСІ

Жаңа жоба ашқаннан кейін экранның ортасында пішін конструкторы/құрастырушысы/ орналасады. Пішін – қосымша терезесі. Конструктор терезесінде болашақ бағдарламаның сыртқы түрі жасалады. Алғашқыда ол код терезесін жауып экранның алдыңғы бетіне шығып тұрады.

## КОДТЫ ӨҢДЕУ ТЕРЕЗЕСІ

Бұл терезенің тақырыбы терезе жүктелгенде Unit1 болады. Кодты өңдеу терезесінде бірден бірнеше файл ашық бола алады. Әрбір ашылған файл жеке бетте орналасады да, оның аты жоғарғы бөлігінде көрсетіледі. Егер Сіздің бағдарламаңызда үш терезе болса, онда олар жұмыс барысында үш модульмен (Unit) әрекеттеседі.

# ЖОБА МЕНЕДЖЕРІ

Бұл терезеде жобаның жалпы құрылымы көрсетіледі. Маус көрсеткішімен «+» таңбасына басып, тізімді ашуға болады. Мұнда жоба туралы жалпы ақпарат, жобаның барлық файлдары мен сыртқы модульдері жайлы ақпарат болады. Project.exe1 бөлімін ерекшелеп, жанама мәзірді шақырады. Онда жобаны сақтауға, атын өзгертуге, бастапқы файлды қарауға, жоба элементін жоюға немесе қосуға болады.